



Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданының Қоғамдық кеңесі

Общественный совет Есильского района
Северо-Казакстанской области

150500, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы,
Явленка ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 10,
Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

150500, Северо-Казакстанская область,
Есильский район, село Явленка,
ул.Тәуелсіздік,10 Тел.: 8(71543) 2-26-07, 2-19-80

Есіл ауданының Қоғамдық кеңесі отырысының
№ 8 ХАТТАМАСЫ

Явленка а.

2025 жылғы 20 қараша

Өткізу орны:
Мәслихат төрағасының
кабинеті
Өткізу уақыты: сағат 16:00

Отырыс төрағасы: Есіл ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағасы
Е.Е.Оспанов.

Отырысқа Есіл ауданының қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты:
А.С.Некібаев, Е.Е.Оспанов, Б.Т.Қойшыбаев, А.В.Смоленская,
Б.С.Кенжеғалиева, А.А.Мәжікеева, Н.М.Октябрь, Г.М.Ахметова, А.Е.Рахметов,
онлайн форматында отырысқа СҚО МҚАД мемлекеттік қызмет көрсету
басқармасының бас маманы Анар Маралқызы Батталбек қатысады.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібі:

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ «2024 жылы және 2025 жылдың 10 айында мемлекеттік қызмет көрсету туралы» ақпараты.

Баяндамашы: Ә.Ш.Байзақов - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің бас маманы.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ «2024 жылы және 2025 жылдың 10 айында мемлекеттік қызмет көрсету туралы» ақпараты.

Баяндамашы: Б.Ы.Бидалина - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау нәтижелері бойынша пікір алмасып, Есіл ауданының қоғамдық кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ «2024 жылы және 2025 жылдың 10 айында мемлекеттік қызмет

көрсету туралы» жер қатынастары бөлімінің бас маманы Ә.Ш.Байзақов ұсынған ақпараты өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдансын. Тыңдау барысында сұрақтар түсті:

- Анар Маралқызы Батталбек - 2024 жылы 100 адамды қамти отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуін түсіндіру бойынша бір түсіндіру іс-шарасы өткізілді. 2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу туралы деректер ұсынылмаған. Түсіндіруіңізді сұраймын.

- бас маман Ә.Ш.Байзақовтың жауабы: 2025 жылы мемлекеттік қызмет көрсетуін түсіндіру бойынша YouTube платформасында 2 түсіндіру іс-шарасы өткізілді.

Өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдау ұсынылады.

Дауыс берді: 9, оның ішінде «ҚОЛДАДЫ» - 9; «ҚАРСЫ» - 0; «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 0.

2. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ «2024 жылы және 2025 жылдың 10 айында мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Б.Ы. Бидалина ұсынған ақпараты өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдансын. Тыңдау барысында сұрақтар түсті:

- Анар Маралқызы Батталбек - 2024 жылы дәрігерлік сараптама комиссиясының отырысынан кейін балаларға 13 анықтама берілді. 2025 жылы осындай бір ғана анықтама берілді. Түсіндіруіңізді сұраймын.

- Бөлім секторының меңгерушісі Б.Ы. Бидалинаның жауабы: мемлекеттік қызмет көрсетуінің осы түрі ата-аналар дәрігерлік сараптама комиссиясына жүгінгеннен кейін ғана көрсетіледі. Сондықтан, егер өтініштер болмаса, көрсетілген мемлекеттік қызметтер де болмайды.

Өзгерістер мен толықтыруларсыз қабылдау ұсынылады.

Дауыс берді: 9, оның ішінде «ҚОЛДАДЫ» - 9; «ҚАРСЫ» - 0; «ҚАЛЫС ҚАЛДЫ» - 0.

3. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Қоғамдық кеңестің ұсынымдары әзірлеуші органдарға жіберілсін.

4. Бөлімдер ұсынымдарға жауаптарды бір ай мерзімде 2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұсынсын.

**Есіл ауданы
Қоғамдық кеңесінің
төрағасы**



Е.Оспанов